Қарнақ ауылы әкімінің

Өкімі №-НҚ-12

Қарнақ ауылы **«19» 02 2026 ж.**

Мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы » Заңының 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасына негізінде егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу

ӨКІМ ЕТЕМІН:

1. 124001 -Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге-сыртқы жарнаманы орналастыру бойынша қызмет көрсетулер 600,0 мың теңге, ЕРАП жүйесінің байланысын қамтамасыз ету қызметтері – 69,3 мың теңге, жанар жағар май бензин АИ-92 - 431,1 мың теңге бойынша мемлекеттік сатып алуды тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен,

124008 - Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру - ауыл көшелеріндегі жарықтандыру нүктелерін ағымдағы жөндеу жұмыстарына 2600,0 мың теңге,

124006 - Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдауға, яғни «8 наурыз-халықаралық әйелдер күні» мерекесіне сыйлықтар алуға 320,0 мың теңге,

124028 -Жергілікті деңгейде дене шынықтыру - сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізуге, "Наурыз - 2026" мерекелік іс -шарасын ұйымдастыруға 111,0 мың теңге бойынша мемлекеттік сатып алуды баға ұсыну тәсілімен жүзеге асырылсын.

2.Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб- порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өз құзырыма қалдырамын .

4. Осы өкім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қарнақ ауылының әкімі **А. Джамалбеков**